

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№10 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

20\_06\_.2023 ж.

**Қатысқандар:**

**Комиссия төрайымы:**

1. Шалабаева Жанар - аға оқытушы;

**Комиссия мүшелері:**

2. Жаркинбаева Динара - декан орынбасары, магистр-оқытушы;
3. Рахмет Үсенбек - п.ғ.к., доцент;
4. Динашева Ләззат - т.ғ.к., доцент;
5. Примкулова Гауһар - т.ғ.к., доцент;
6. Джумадуллаева Асель - т.ғ.к.;
7. Мейірбекова Гүлмира - PhD, аға оқытушы;
8. Садуова Жанар - п.ғ.к., доцент;
9. Тажибаев Ғалымжан - магистр-оқытушы;
10. Исакова Парида - п.ғ.к., доцент м.а.;
11. Қаттабекова Назгүл - т.ғ.к.;
12. Паштанов Султан - аға оқытушы;
13. Шилменбетов Саян - аға оқытушы, хатшы;
14. Төрөбай Ақтолқын – магистрант 1 курс, МНК-211
15. Тимерхан Дариға – студент 2 курс, ППМ-011 ;
16. Нуралиева Жансая - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

**Комиссия хатшысы:** Шилменбетов Саян

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасы мен нәтижелілігін қадағалау.
2. Комиссияның оқу жылыны есебін әзірлеу.
3. Комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.
4. Маусым айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

**1.Талқыланды.** Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасы мен нәтижелілігін қадағалау мәселесін факультеттің академиялық комитет төрайымы А.Джумадуллаева былай деп есеп берді: - Факультетке қарасты кафедралар 2023-2024 оқу жылына дайындық актілерін факультеттің академиялық комитетіне ұсынды. Академиялық комиссияның төрайымы ретінде дайындық актілерін дайындауда университеттің стратегиялық жоспарына, білім, ғылым мен тәрбиені, ОПК біліктілігін арттыру мәселелерін дамытуды негізге ала отырып дайындағанына көз жеткіздім. Дегенмен, кейбір кафедралар студенттердің ҒЗ жұмыстарына тартуды жолға қою мақсатында студенттердің ғылыми үйірмелерін, студенттерді ғылыми жобаға тарту мәселелерін, студенттердің ғылыми мақаланы жазуға машықтандыру мәселелеріне көңіл

бөлу керек. Сонымен қатар, кейбір кафедраларда оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлық аясында отандық және шетелдік ЖОО-да тәжірибе алмасуын қолға алу керек екенін атап өткім келеді. Тағыда ескере кететін жағдай, кафедралардағы студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының ауқымын кеңейтіп, оларды әртүлі көпшілік іс-шараларға тарту керек. Осы орайда студенттердің белсенділіктеріне қолдау көрсете отырып, оларды олимпиадаға, конкурстарға, дебат, дискуссияларға қатыстырып, әсіресе шығармашылыққа қабілетті студенттерді дамыту жұмыстарын жан-жақты ойластыру керек.

Дегенмен, кафедралар дайындаған дайындық актісі талапқа сай дайындалған. Дайындық актісінде 2023-2024 оқу жылына қатысты барлық жұмыс бағыттары, атап айтқанда, ғылыми зерттеу жұмыстары, оқу-әдістемелік жұмыстар және оқытушылардың біліктілігін арттыру т.б. мәселелері жан-жақты қамтылған.

**Шешім:** Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасы мен нәтижелілігі қанағаттанарлық деп танылсын.

**2.Талқыланды.** Комиссияның оқу жылыны есебін әзірлеу мәселесі бойынша сөз алған факультеттің сапамен қамтамасыз ету комиссиясының төрағасы Ж.Шалабаева былай деді: - 2022-2023 оқу жылына факультеттің сапамен қамтамасыз ету комиссиясының жоспары дайындалып, жоспар бойынша ай сайынғы күн тәртібіндегі мәселелерге талдаулар жасалынып отырды. Мәжілісте қарастырылған мәселелер комиссия мүшелеріне және кафедра меңгерушілеріне күні бұрын жіберіліп, олардың күн тәртібіндегі мәселелерге дайындығына, олардың орындалуына назар аударылды. Комиссия төрағасы ретінде факультеттің сапамен қамтамасыз ету комиссиясының есебін дайындадым (Қосымша 1). Есеп беруде оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың қорытындысын қысқаша сипаттайтын болсақ, БББ жаңартылуын, оларды оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін, ОПҚ қышықтықтан оқыту және жүргізетін пәндері бойынша бес жылда бірден кем емес біліктіліктен өтуін, бұлардың кафедраның жұмыс бағыттарында жоспарлауын, жұмыс берушілермен БББ дайындауда байланыстарын, олардың ұсыныптарын ескеру, сауалнама нәтижелерін талдау, 2023-2024 оқу жылында БББ дайындалу барысы мен оның ҚР БжҒМ Реестріне тіркелуі т.б. мәселелер жан-жақты баяндалды. Сонымен қатар, келесі оқу жылында ескерілетін ескертпелер мен ұсыныстар берілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша С.Паштанов былай деп сұрақ қойды: - Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия жұмыстарын неге сүйеніп жүргіздіңіздер?

Комиссия төрағасы Ж.Шалабаева: - Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесіне сүйене отырып жұмыстарды ұйымдастырдық,- деп жауап берді.

Ж.Шалабаеваның есебіне оң баға бере отырып, келесі оқу жылында ескеруге тиісті бірнеше ұсыныстарды атап өтті. Олар: - БББ сапасын жақсарту, жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынаста болып, студенттерді дайындауға оларды қатыстыру; - БББ бағдарламаларын оқу-әдістемелік нұсқаулықтар, оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету, әсіресе, ағылшын, түрік тілдеріндегі әдебиеттер қорын молайту қажет.

**Шешім:** Факультеттің сапаны қамтамасыз ету комиссияның оқу жылыны есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

**3.Талқыланды.** Комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу мәселесі бойынша тағыда сөз алған Ж.Шалабаева 2023-2024 оқу жылына факультеттегі сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жоспары дайындалғанын атап өтті (Қосымша 2). Жоспарды дайындау барысында ФСҚК қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері толық қамтылғанын атап өтті. Сонымен қатар, жоспар факультеттің академиялық кеңесіне

және БББӨО басшысы Е.Шахабаевтың карауына ұсынылғанын жеткізді. Жоспардың мазмұнымен таныстыра отыр, академиялық комитеттің талқылауына ұсынды.


**Шешім:** Комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын бекітуді факультеттің академиялық кеңесіне ұсынылсын.

**4.Талқыланды.** Маусым айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау мәселесі бойынша комиссия төрағасы Ж.Шалабаева комиссия мүшелерінен маусым айындағы жұмыс нәтижесі туралы ұсыныстарын сұрады.

Маусым айының жұмыс қорытындысы бойынша Ж.Шалабаев: - Бұл айда көрсетілген күн тәртібіндегі мәселелер өз деңгейінде талқыланды. Дегенмен, кафедралар тарапынан БББ дайындалу сапасына және уақтылы орындалуына көңіл бөлу керек, - деді. Факультеттің академиялық комитет төрайымы А.Джумадуллаева күн тәртібіндегі барлық бағыттар бойынша жүргізілген жұмыстарға оң бағасын бере отырып, жұмыстардың дер кезінде орындалуына көңіл бөлу қажеттігін атап өтті.

**Шешім:** Маусым айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде қарастырылған мәселелер қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:



Шалабаева Ж.

Мәжіліс хатшысы:



Шилменбетов С.